МӘСЕЛЕ
2 Ақпараттық қауіпсіздікке қатаң бақылау қажет



НАРЫҚ
2 Баға тұрақты




ҚАУЛЫ
3 2020 жылға арналған Қызылорда облысы әкімінің бірінші кезектегі іс-қимыл жоспары туралы



ТАНЫМ
4 «Пенициллин» ханым



# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№41 (19917)

19 наурыз, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



## Телефон арқылы сөйлесті

**Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.**

Мемлекет басшылары коронавирус пандемиясының таралу жағдайын талқылап, осы індетке қарсы күреске байланысты қабылданған шаралар туралы ақпарат алмасты.

Шавкат Мирзиёев қазақстандық әріптесінің дер кезінде қабылдаған шұғыл шешімдері мен нәтижелі іс-қимылдарын қолдайтынын айтты.

Президенттер жоғары деңгейде ықпалдастық орнату және екі ел Үкіметтерінің жұмыстарын үйлестіру жайын да келісті. Сауда-экономикалық және гуманитарлық салалар бойынша ынтымақтастықты одан әрі нығайту туралы ортақ пікір айтылды.

## Комиссия төрағасын қабылдады

**Мемлекет басшысы Премьер-Министр, Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия төрағасы Асқар Маминді қабылдады.**

Мемлекеттік комиссияның төрағасы Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында карантиннің енгізілуі, экономика субъектілерін қолдау шаралары, коронавирус жұқтырғандардың пайда болу ықтималдығына өңірлердің дайындығы туралы айтты.

Президенттің пікірінше, фискалды саясатты тиімді жүзеге асыру мәселесіне баса мән беру керек. Бұл ретте Үкімет пен Ұлттық банктің үйлесімді іс-қимылдары аса маңызды.

## Бейнебайланыста кеңес өткізді

**Мемлекет басшысы Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының әкімдерімен бейнебайланыс арқылы кеңес өткізді.**

Алтай Көлгінов елордадағы қазіргі ахуал және коронавирустың таралуына қарсы карантин енгізілуіне байланысты қабылданған шаралар жайында есеп берді.

Президент қала тұрғындарын ең қажетті тауарлармен және азық-түлікпен толық қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшысы Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері мен халықаралық ұйымдарға қатысты туындаған мәселелерді тез арада шешіп, тиісті көмек көрсету керектігін айтты.

Сондай-ақ, су тасқынын ерекше бақылауда ұстауды тапсырды.

Сонымен қатар Бақытжан Сағынтаев Алматы қаласының карантин енгізу жағдайына әзірлігі, қосымша дайындалған төсек-орындар саны, коронавирус індетінің таралуына қарсы күреске қажетті барлық ресурстар мен құралдарды жұмылдыру туралы баяндады.

Мемлекет басшысы еліміздің ірі мегаполисін азық-түлікпен қамтамасыз етуге байланысты мәселелердің шешілуіне ерекше көңіл бөлуді, сондай-ақ, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Бақытжан Сағынтаевқа Алматы облысының әкімімен бірлесіп Алматы қаласында жұмыс істейтін өңір тұрғындарының мегаполиске қатынау мәселелерін пысықтау қажеттігін айтты.

# ЕҢ БАСТЫСЫ – АДАМ САУЛЫҒЫ




**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың індетке қатысты үндеуінен кейін республикада сақтық шаралары күшейді. Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалығымен Президент үндеуіне орай шұғыл отырыс өтіп, жиында профилактикалық шараларға баса мән беру туралы айтылған еді.**

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы».





Дүйсенбіден басталған қауырт жұмыстың қарқыны үдей түспесе, кемімей тұр. Сол күннен бастап көпшілік іс-шараларға тыйым салынды, адамдар көп шоғырланатын орындарда санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауға қатаң тапсырмалар берілді. Халық денсаулығын қорғауда аталған жұмыстардың атқарылуы қалай? Аймақ тілшілері осы мақсатта ірі сауда орындары мен жылдам тағам әзірлейтін дәмханаларда болып, қойылған шектеулердің орындалуын көзбен көріп қайтты.

«Aray city mall» сауда орталығының әкімшілігі Мемлекет басшысы мен облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес орталықтан жалға алынған сауда нүктелерінің иелеріне жалға алу ақысының төлем күндерін кейінге шегеріпті. Бұл да кәсіпкерлерге үлкен демеу болып тұр. Сонымен қатар, сауда орталығында жұмыс уақыты таңғы сағат 10.00-де басталып, кешкі 18.00-де тоқтайды.

– Кинотеатр мен балалар ойын-сауық орталығы, тамақтану орындары жұмысын тоқтатты. Ал, тұрғындар азық-түлігін қолайлы уақытта алуы үшін «Магнум» сауда орталығы мен дәріхана тәулік бойы жұмыс істеуде. Орталықта санитарлық қауіпсіздік, залалсыздандыру жұмыстары бұрынғыдан да күшейтілген, – дейді сауда орталығының қаржы жөніндегі директоры Жарқынбек Біржанов.

Қаладағы тұрғындар көп шоғырланатын сауда орындарының бірі – «Жайна» сауда үйі. Мұнда да санитарлық-ағарту жұмыстары жолға қойылған. Сатушылар толығымен арнайы бетпердемен қамтамасыз етіліп, келушілер үшін арнайы дезинфекция құралдары орналастырылыпты.

– Тазалық мәселесі бұрыннан жақсы, осы жағдайға қатысты әкімшілік тіпті күшейтті. Сауда жасау уақытымыз да шектелді. Расы керек, бұрынғыдай емес, халық аз келіп жатыр, сауда жоқ. Біз барлығына да түсіністікпен қараймыз. Барынша елмен біргеміз, – дейді сатушы Бақыткүл Сабытова.

Жылдам тағам әзірлейтін орындарда да келушілер санына шектеу қойылған. Әсіресе, жастар көп шоғырланатын «TSAR S BURGERS» дәмханасына барған біз бұны анық байқадық.

– Барлық талаптарды орындаудамыз. Әрбір жарты сағат сайын еден, терезе, орындық жабдықтар тазаланып, антисептикалық құралдар қойылды. Есік алдына індетке қатысты қорғану туралы парақшалар да ілінген. Келушілерге де ескертіледі. Сағат 22.00-де қонақтарды шығарып саламыз, – деді дәмхана әкімшісі Гүлшат Әшірматова.

Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы басшысының орынбасары Мұрат Тасқараев екі күн бойы 200-ден аса тамақтану орындарында жұмыс кестесіне кешкі (кешкі 22.00-ге дейін) қатысты түсіндірме жұмыстары тоқтаусыз жүргізілгенін айтты.

– Кафе, тойханаларда 50 адамға дейін ғана шектелген жиын болатын болса, оның өзі жаңағы біз айтып өткен уақытқа дейін ғана. Адам өмірі ең басты байлық екенінің ескеруіміз қажет. Түсіндірме жұмыстары жүргізілгеннен кейін, тапсырмаға аса мән бермеген кәсіпкерлік субъектілерімен заң аясында жұмыс істейтін боламыз. Алдымен әкімшілік айыппұл, тіпті, қылмыстық іс қозғалуы да әбден мүмкін. Ал енді шағын және орта бизнес өкілдеріне берілетін көмек туралы министрліктен тапсырма келген уақытта әлеуметтік желіге жариялайтын боламыз, – деді басқарма басшысының орынбасары Мұрат Тасқараев.

## АСЫЛБЕК ШӘМЕНОВ – ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ

**Асылбек Шәменов Жалағаш ауданының әкімі болып тағайындалды. Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов өңірге арнайы барып, активке ауданның жаңа басшысын таныстырды.**

Асылбек Өмірбекұлы 1978 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін «Халықаралық туризм», Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Мұнай-газ кен орындарын игеру» және «Құрылыс» мамандықтары бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1999 жылы «Қызылорда интеграция» компаниясының менеджері ретінде бастап, 2007-2012 жылдары облыстық сәулет-құрылыс бақылау, сондай-ақ энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармаларында жауапты қызметтер атқарған. 2012-2018 жылдары кейінгі аталған басқармада басшының орынбасары, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, 2018 жылдан осы кезге дейін облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы лауазымын атқарып келеді.

«Асылбек Өмірбекұлы өңірдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси ахуалымен жақсы таныс. Басшылық тәжірибесі мол, өз жұмысын жоғары кәсіби деңгейде және шеберлікпен атқарып келе жатқан азамат. Сондықтан Мемлекет басшысының саясатын тиімді жүзеге асырып, Үкімет пен облыс әкімдігінің тапсырмаларын бұлжытпай орындап, Жалағаш ауданын одан әрі дамытуға аянбай жұмыс істейтіндігіне сенімдімін», – деді облыс әкімі. Қуанышбек Ысқақов ауданның бұрынғы басшысы Қайратбек Сәрсенбаевқа атқарған қызметі үшін алғыс білдіріп, басқа жұмысқа ауысуына байланысты қызметінен босату жөнінде шешім қабылдағанын жеткізді.

## КЕШЕНДЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ПЫСЫҚТАЛДЫ

**Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов кеше «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» көлік дәлізіндегі бірқатар қызмет көрсету кешеніне барды. Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік шараларымен танысты.**



Сырдария ауданындағы «Нұрлы-Жол» кешені 2 гектар аумақта орналасқан. Онда көлік жөндеу, жуу орындары, қонақ үй, кафе, 40 орындық мейманхана және көлік тұрағы бар. Кешенде санитарлық-дезинфекциялық және залалсыздандыру жұмыстары жүргізіліп тұрады. Бір мезетте тек 50 адамға ғана қызмет көрсетуі тиіс. Бұдан әрі аймақ басшысы аудандағы тағы бір нысан «Керуен» кешеніне аялдады. Мұнда қауіпсіздік талаптары қатаң сақталған. Аурудың алдын алу мақсатында уақытша шектеулер енгізілген. Сондай-ақ, облыс әкімінің тапсырмасы бойынша «Қызыл-Орда» қызмет көрсету кешенінде де тазалық, залалсыздандыру жұмыстары күшейтілген. Жауапты мекеме тарапынан күн сайын тексеру жүргізіледі. Аймақ басшысы аудан әкімі Руслан Рүстемов пен нысан иелеріне қауіпсіздікке баса мән беріп, вирустың таралуына жол бермеуді тапсырды.

**«СБ» ақпарат.**

# КӨКТЕМГІ ЕГІН ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?



**Биыл Сыр өңірінде 183,1 мың гектарға егіс егу межеленіп отыр. Қазір оңтүстік аудандарда ерте егілетін дақылдарды орналастыру қолға алынса, басты дақыл – күріш егу 25 сәуірде басталады деп күтілуде. Егудің оңтайлы мерзімін Ы.Жақаев атындағы қазақ күріш ғылыми-зерттеу институты жасап шықты. Бұл жоспар Қызылорда қаласы мен аудандық ауыл шаруашылығы бөлімдері арқылы шаруашылық құрылымдарына жолданды.**

Жергілікті диқандар биыл 88,2 мың гектар алқапқа күріш егеді деген жоспар бар. Сондай-ақ, елдегі ағайын 97,8 мың гектар дәнді, 6 гектар майлы, 61,6 мың малазықтық, 17,7 мың гектар картоп, көкөніс-бақша егеді. Былтырғы жылдың күз мезгілінде 4142 гектар күздік бидай егіліп, 65,1 мың гектар сүдігер айдалды.

Қазір егіске қажетті тұқым дайындау мәселесі толықтай шешімін тапқан. Шаруаларда 22948 тонна жоғары репродукциялы күріш тұқымы бар, ол қажетті мөлшерден 4%-ке артық. Оған қоса егіншілер 683 тонна жаздық бидай, 94 тонна арпа, 17,6 тонна сұлы, 32,7 тонна жүгері, 10,1 тонна тары, 274,4 тонна жоңышқа, 95, 2 тонна мақсары және 37,7 тонна соя тұқымын қамбаға жинап қойды.

– Өткен жылы күріш ғылыми-зерттеу институты мамандарымен бірігіп соя дақылы өндірістік негізде егілді. Айта кетерлігі, бұл дақылға іргелес мемлекеттерден сұраныс жоғары. Алғашқы тәжірибеміз өзінің тиімділігін көрсетті. Алдағы жылдарда соя дақылы көлемін арттыруды ойластырып отырмыз. Ол биылғы жылға 290 гектарға жоспарланған. Мамандар қант құмайы дақылын да өндірістік сынақтан өткізген болатын. Суармалы жердің тұздылығын төмендетіп, құнарлы мал азығы саналатын қант құмайының көлемін биыл 200 гектарға арттырамыз деген жоспар бар. Келешекте оның көлемін 3 мың гектарға жеткізу ойластырылуда, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Сейілбек Нұрымбетов.

Сонымен қатар, биыл 144 гектар алма, 15 гектар жүзім және 5 гектар өзге де дақылдарды егуге мән беріледі. 2020 жылға дейін облыста 366,7 гектар алма, 2,2 гектар жүзім және 37,4 гектар өзге де жеміс ағаштары бар еді.

Қазір егінге қажетті минералдық тыңайтқыш пен жанармай мәселесі оң шешімін табуда. Бұл бағытта тиісті құрылымдармен келісім жасалған.

**«СБ» ақпарат.**



**ТАҒАЙЫНДАУ**

## ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ

**Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен облыс әкімінің және Жалағаш аудандық мәслихатының келісімімен Жалағаш ауданының әкімі лауазымына Шәменов Асылбек Өмірбекұлы тағайындалды.**



Асылбек Өмірбекұлы 1978 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін «Халықаралық туризм», Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Мұнай-газ кен орындарын игеру» және «Құрылыс» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1999 жылы «Қызылорда интеграция» компаниясының менеджері ретінде бастаған.

2007-2012 жылдары облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау, сондай-ақ облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармаларында жауапты қызметтер атқарған.

2012-2018 жылдары облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, 2018 жылдың мамыр айынан бастап осы кезге дейін облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы лауазымын атқарып келді.

## ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖАСТАР САЯСАТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ШТАТТАН ТЫС КЕҢЕСШІСІ



**Облыс әкімінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі лауазымына Ералиев Мағжан Абзалұлы тағайындалды.**

Мағжан Абзалұлы 1989 жылы туған. Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген.

Еңбек жолын 2013 жылы «Алтын Орда» компаниясының менеджері ретінде бастаған.

2018 жылдан бастап осы кезге дейін «Абзал и К» толық серіктестігінің директоры лауазымында қызмет атқарып келеді.

## ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ХАТШЫСЫ



**Облыс әкімінің баспасөз хатшысы лауазымына Мыңбаев Рауан Ерұзақұлы тағайындалды.**

Рауан Мыңбаев 1993 жылы дүниеге келген. Жоғары білімді. Журналист, экономист, құқықтанушы. Еңбек жолын облыстық «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасында бастап, 2014 жылы республикалық «Хабар 24» телеарнасының Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі қызметіне тағайындалған. Соңғы жылдары «Хабар 24» телеарнасының Нұр-Сұлтан қаласындағы орталық бөлімінде «Президенттік пул» сапында арнайы тілші болып еңбек етті. Сыр елі жастарына арналған «Сыр үміті» сыйлығын иемденген. Былтыр Қазақстан Республикасы Президентінің БАҚ өкілдеріне арналған грантымен марапатталды.

## «БАЙҚОҢЫР» ӘЛЕУМЕТТІК-КӘСІПКЕРЛІК КОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ



**«Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары лауазымына Мүслімов Ерлік Ерғалиұлы тағайындалды.**

Ерлік Ерғалиұлы 1989 жылы туған, өткен жылы республика бойынша Президенттік жастар кадрлық резервіне енген 300 тұлғаның бірі.

Қазақ-Британ техникалық университеті, сондай-ақ, «Болашақ» бағдарламасы бойынша Ұлыбританиядағы Уорвик университетін бітірген.

2014 жылдан бастап осы кезге дейін «Шлюмберже-Лоджелко» компаниясының аға инженері лауазымында қызмет атқарып келді.

## АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ



Қоғамда түрлі талқыға түсіп, ешкімді де бей жай қалдырмаған Қордайда орын алған қайғылы оқиғаларға қатысты Президент тарапынан тиісті тез арада шешімдер қабылданды, оқиға салдарын жою мақсатында үкіметтік комиссия құрылып, зардаптарды қалпына келтіруге көмек көрсетілуде. Біз мұны толық қолдаймыз.

Айта кетуіміз керек, посткеңестік көптеген елдерге қарағанда елімізде ұзақ жылдар бойы ірі этносаралық қақтығыстарға жол бермей келдік. Өйткені отыз жылға жуық бойы тәуелсіздігіміздің ең бір басты ұстанымы да мемлекет құрушы ұлт пен өзге этностардың татулығы мен бірлігі болды. Оның үстіне Қазақстанда этникалық аз топтарға барлық жағдай жасалған. Дегенмен де, кез келген полиэтникалық мемлекетте этносаралық қақтығыстар болып тұратыны өкінішті-ақ. Этносаралық қатынас – өте нәзік дүние, оны бүлдіру оңай, қалыпқа келтіру қиын. Мемлекеттің басты байлығы – онда тұрып жатқан халықтың бірлігі мен татулығы. Егер татулық болмаса ең алдымен зардап шегетін осы мемлекетті құрушы ұлты.

Елімізді алаңдатқан Қордайдағы оқиғалар әлі де болса шешімін таппай келе жатқан өте күрделі мәселелердің жылдар бойы қордаланып қалғанын айтуымыз керек. Ешбір жанжал мен қақтығыстар аяқ астынан пайда болмайтыны анық. Әуелі олардың белгілі бір индикаторлары қалыптасады. Сондықтан да оның алдын ала көре біліп, оған жол бермеудің әрекеті жасалуы керек еді. Олардың ең негізгісі ауыл-аймақтардағы жастар арасындағы жұмыссыздық, әлеуметтік теңсіздіктердің кедейшілікке, ал олардың өз кезегінде төзбеушілік, кінәмшілдік, ретсіз айыптауына, психологиясына, этникалық топтар арасындағы билікке негізделген әлеуметтік қайшылықтарға алып келетіні сөзсіз. Қоғамдағы ауыр тұрмыстан қажыған, әлеуметтік тұрмыстарына ашынған азаматтар кейбір әділетсіздік, жауапсыздық, заңдық шешімдерін таппай жүрген мәселелер, құқық қорғау органдарына, билікке деген халықтың бір тобының сенімсіздігі, жемқорлықтың кесірінен пайда болатын реніш, ашу-ызалар, Қордай оқиғасынан анық көрініс берді. Бізде осы кезге дейін ішкі саяси қатынастар мен тұрақтылықты қамтамасыз ету және этностармен талдау өз дәрежесінде жүргізілген жоқ. Этникалық қатынастар, этносаралық түсіністік пен достық шынайы сезімдерден гөрі кешегі Кеңес дәуірінен мұра болып қалған құрғақ насихаттаушылық пен жалаң ұрандардан құрылған.

Сонымен қатар елдегі этностарды біріктіру арқылы қазақстандық бірегейлік қалыптастыру мақсатына жете алмадық. Анклав ретінде өмір сүріп келе жатқан этностардың тұрмыс-тіршілігі, таным-түсінігі, тарихқа, мемлекетке көзқарасы әртүрлі болғандықтан, олардың жас ұрпақтары қазақ қоғамының құндылықтарына толыққанды бейімделіп кете алмауда. Алайда олардың барлығы – қазақ елінің азаматтары.

Тәуелсіз еліміздің либералды ұлттық, көп этносты шиеленіссіз қоғам ретінде дамыту үшін елде өмір сүріп жатқан түрлі этникалық топтардың интеграциясы мен олардың біртұтас мемлекет құрушы ұлттың айналасына жұмылуына бағытталған саясат жүргізудің кешенді іс-шаралары қабылдануы керек деп есептейміз. Оның ішінде этникалық топтардың қоныстық, социомәдени, ағартушылық, оқшаулануына жол бермейтіндей сипатта ұйымдастыру, түрлі этникалық топтың өкілдері арасынан халық саны көп аймақтардан тұрғындары аз өңірлерге қоныс аудару бағдарламасына, еңбек көші-қонына қатысушыларды ынталандыру да қарастырылуы керек. «Серпін» бағдарламасын да тиімді пайдаланған жөн. Сонымен бірге этностар тұратын жерлерге мемлекет әрдайым мониторинг жасап, ондағы ономастика, тіл және т.б. қордаланған дүниелерді бақылап, сараптап отыру қажет.

Қордай оқиғасы елімізде мемлекеттік тіл мәселесінің өзекті екенін тағы бір көрсетті. Елімізде 2011-2020 жылдарға арналған тілдерді дамыту бағдарламасы бойынша 2020 жылы мемлекеттік тілді Қазақстан халықтарының 95 пайызы еркін меңгеру керек еді, өкінішке орай миллиардтаған қаржы бөлінген осы бағдарлама өз нәтижесін бермеді. Бұған кім жауап береді? Қалыптасқан демографиялық жағдайға байланысты қазақ тілі тек мемлекеттік қана емес, ұлтаралық тілге айналатын кезеңге жеткенін барлығымыз көріп отырмыз. Қазақстан 130-дан астам ұлт пен этностарға ортақ мекен бола алғанымен, қазақ тілі осы кезге дейін олар үшін ортақ тіл бола алмағаны аса өкінішті. Мемлекет, тарих, тіл – тұтас ұғымдар. Бізде мемлекет тарихын, тілін білмейтін, қазақ мәдениеті мен оның ұлттық құндылықтарына құлықсыз қарайтын этнос өкілдерінің кейбір буындары өсіп келе жатқандығы байқалады. Сондықтан мемлекет тұтастығы мен бірлігі үшін ортақ құндылықтар қалыптастырып, ұлттық рухани бағдарламаларды түрлі диаспоралар арасында кеңінен насихаттап отыру қажет.

Үкімет тарапынан қабылданып жатқан әлеуметтік-экономикалық іс-шаралар бұқара халықтың жағдайын жақсартуға әлі де жеткіліксіз. Халық өз тұрмыстарының нақты түзелгенін толыққанды сезінді деп айта алмаймыз. Еліміздегі ең төменгі жалақы мен ең төменгі күнкөріс деңгейін арттырудың тетіктері жасалуы керек.

Әлеуметтік желі – қоғамдағы әрбір адамның ешбір ерекшелігіне қарамастан өз ойын білдіретін ашық алаңға айналды. Өтірік пен шынайы ақпаратты ажырату үлкен мәселе болып тұр. Қарапайым адами құндылықтар, мейірімділік пен жанашырлық, ар-намыстың орнына қатыгездік, жек көрушілік, шыдамсыздық, қорлаушылық сияқты адамзат баласының ең жаман қасиеттері алға шыққаны өкінішті. Алайда еркіндік бар да, есіріктік бар. Әлеуметтік желілер мен мессенжерлерде, бейне және аудиоматериалдарда еліміздің тәуелсіздігі мен тұтастығына қауіп төндіретін және ұлттық араздық пен алауыздықты қоздыратын арандатушылық материалдар, елдің билік органдарының қадір-қасиетін түсіретін лақап айыптаулар мен өсек-аяндар, бейпіл сөздер мен көріністер етек алып бара жатыр.

Сондықтан да Үкімет еліміздің ақпараттық қауіпсіздігіне барынша назар аударып, қасақана жалған ақпарат таратып, халықты тәртіпсіздікке шақыратын кез келген арандатушылыққа құқықтық негізде қатаң жаза қолдануды қатайту керек деп есептеймін.

**Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,**
**Сенатор.**

**ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ: ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР**

## ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПКЕ ҚЫРАҒЫЛЫҚ ОРНАДЫ



**Елімізде төтенше жағдай режимі жариялануына байланысты заң талаптарына сәйкес шектеу шаралары енгізілді. Мақсат – азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ал, режимді бұзғандар заң алдында жауап беретін болады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық прокуратура басшысының бірінші орынбасары Талғат Әлібаев айтты.**

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

Бүгінде қоғамдық тәртіп қатаң бақылауға алынған. Стратегиялық маңызы бар объектілерде қауіпсіздік шаралары күшейтіліп, адамдар көп жиналатын орындардың қызметінде шектеу қойылды. Ойын-сауық, спорттық, басқа да бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салынды. Мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттерінде азаматтардың кіріп-шығуына шектеулер енгізілді.

– Төтенше жағдайдың жариялануына байланысты режимді бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 476-бабымен, ал төтенше жағдай кезінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін әрекеттері үшін ӘҚБтК-нің 478-бабымен әкімшілік жауаптылық қаралған.

Бұған қоса, мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру қаупін төндіретін, бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып және төтенше жағдай кезінде көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін Қылмыстық кодекстің 274-бабымен қылмыстық жауаптылық қаралған, – деді Т.Әлібаев.

Жиын барысында, сондай-ақ, сала маманы облыс тұрғындары тек мемлекеттік органдардың ресми мәліметтеріне сүйену қажеттігін жеткізді.

## БАҒА ТҰРАҚТЫ

**Биылғы І тоқсанға бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар бағасының шекті мәнінен өнімдердің бөлшек саудада бағасы 15% жоғарылаған жоқ. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Сейілбек Нұрымбетов мәлімдеді.**



– Бүгінгі күні тұрақтандыру қорында 1199,9 тонна өнім бар. Қазіргі уақытта астық нарығындағы қалыптасқан қымбатшылық жағдайға байланысты өңірлік тұрақтандыру қорына алынған ұн әлеуметтік нан пісіретін наубайханаларға төмен бағада берілуде. Ресми статистикаға сәйкес бөлке нанның орташа бағасы – 71,5 теңге. Әлеуметтік дүкендерде нан 55 теңгеден, – деді Сейілбек Серғазыұлы.

Сондай-ақ, биыл кәсіпкерлік субъектілерге несие беру жаңа қағидасына сәйкес әлеуметтік нанның бағасын тұрақтандыру, ұн өндіруші кәсіпорындардың үздіксіз ұнмен қамтамасыз етуіне, астық қорларын қалыптастыру үшін жергілікті бюджеттен 100 млн теңге бөлінді. Бүгінде облыс орталығында 26 әлеуметтік дүкен жұмыс істейді. Жыл ішінде 20 дүкен салу жоспарлануда.

Төтенше жағдайға байланысты, тауарөндірушілер өнімдерін делдалсыз сату мақсатында барлық әлеуметтік дүкендерді тікелей тауар өндірушілерге және көтерме сауда субъектілеріне, жеке кәсіпкерлерге беру жұмыстары жүргізілуде. Мұнан өзге, әлеуметтік дүкендердегі өнімдердің бағасына апта сайын мониторинг жүргізіліп, тұрақты бақылауға алынған.

– Мониторинг бойынша нарықта картоптың орташа бағасы – 120 теңге, жуа – 80 теңге, сәбіз – 100 теңге болса, әлеуметтік дүкендерде картоп – 83 теңге, жуа – 75 теңге, сәбіз 82 теңгеден сатылуда. Сондай-ақ, тұрақтандыру қорына қарасты Қызылорда қаласындағы әлеуметтік дүкендерде наубайханалардың босату бағасында нан 55 теңгеден сатылса, макаронның келісі – 150, күріш – 200, қант – 170, бірінші сортты ұн – 122 және өсімдік майының литрі 340 теңгеден сатылуда. Жұқпалы вирустың таралу қаупі салдарынан өнімдер тапшылығын болдырмау және АҚШ доллары курсының өсуіне байланысты іс-шаралар жасалуда. Бұл ретте әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының жағдайын реттеу үшін тұрақтандыру қорына қосымша қажетті 537,6 млн теңгеге 3903 тонна өнім сатып алу жоспарланды, – деді Сейілбек Серғазыұлы.

Тұрақтандыру қорының өнімдерін сапалы сақтау үшін, сыйымдылығы 2000 тонналық қойма құрылысы аяқталған. Қазіргі уақытта қойма пайдаланылуда.

Айта кету керек, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан ауыл шаруашылығы өнімдерін ел аумағына алып келуге және Қазақстан арқылы транзиттеуге шектеу енгізілген жоқ.

**«СБ» ақпарат.**

## КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ БӘСЕҢДЕМЕЙДІ

**2020-2025 жылдары облыста 550,5 млрд теңгені құрайтын 21 жоба іске асырылады. Қазіргі уақытта 4 жоба игерілуде. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев мәлімдеді.**



– Азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, төтенше жағдайдың алдын алу бойынша шектеу шаралары енгізілді. Осыған орай, елімізде отандық кәсіпкерлерді қолдау және жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында қосымша 300 млрд теңге бөлінеді. Сондай-ақ, елдегі жағдайды түзеу мақсатында күнделікті тұтынатын және өзге де сервистік қызмет көрсететін орындардың жұмысына жергілікті кәсіпкерлердің күшін жұмылдыру қолға алынбақ, – деді Ринат Қалдыбекұлы.

Сатып алу заңдылықтарына қарамастан, жергілікті тауар өндірушілерден тікелей сатып алу мүмкіндігі қарастырылған.

Сондай-ақ, төтенше жағдайға байланысты мұнай-газ кен орындарында өндірістің тоқтауына жол бермеу үшін вахталық ауысымда жұмыс істеушілердің мерзімін 28 күнге ұлғайту шаралары қабылдануда. Бұл шара қызметкерлер арасында вирустың тарауына жол бермеу мақсатында жүргізілуде.

**«СБ» ақпарат.**

## 100-ДЕН АСТАМ ШЕТЕЛДІК ОБЛЫСҚА КІРГІЗІЛГЕН ЖОҚ

**Аймақта шетелдік жұмыс күшін тартатын 22 кәсіпорын бар. Қазіргі таңда облыс аумағында жұмыс істеуге рұқсат берілген 196 шетелдік маманның тек 87-сі жұмыс істеуде. Олардың 85-і Қытай азаматы болса, АҚШ пен Сербия елінің бір-бір азаматы бар. Ал, қалған 109 шетел азаматы облысқа кіргізілмеді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Гаухар Калмакова мәлімдеді.**



– Өңірде қазақ-қытай ынтымақтастығы аясында 2 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Бұлар – шыны және цемент зауыттары. Сондай-ақ, зауыттарға шетелдік жұмыс күшін тарту инвестициялық келісім-шарт аясында жүргізіледі, – деді Гаухар Амангелдіқызы.

Бүгінде цемент зауытында 214 адам жұмыспен қамтылған. Оның ішінде, инвестициялық жоба аясында рұқсат алған 35 қытай азаматы бар. Бұған қоса, өткен жылдың желтоқсан айында 32 қытай азаматы еңбек демалысына шығып, елдеріне оралды. Қазіргі уақытта бұл зауытта үш шетел азаматы жұмыс істеуде. Айта кетейік, еңбек демалысына шыққан қытай азаматтарына елге кіруге рұқсат берілмеді.

Сондықтан инвестор жұмысын қазақстандық компанияларға беру жоспарлануда. Бұл жағдайда кадр қажеттілігі жергілікті еңбек нарығы есебінен өтелетін болады.

Қазіргі таңда Қазақстан-Қытай шекарасындағы жағдайға байланысты қытай мамандарының келе алмауына сәйкес шыны зауытының іске қосылу мерзімі шілде айынан жылжытылуы мүмкін.

**«СБ» ақпарат.**

ТАНЫМ

# «ПЕНИЦИЛЛИН» ХАНЫМ

## Сталин дәрігер Ермольеваны не үшін құрметтеді?

**1942 жылдың соңына қарай Сталинград маңындағы шайқас барынша күрт сипат ала бастады. Кеңес әскерлері күші басым неміс құрамына қарсы жанқиярлықпен қорғаныс жүргізгеніне қарамастан, Гитлер саяси стратегиялық маңызы бар қаланы жаулап алу үшін қосымша күштерді үдете түскен еді. Қызыл армия үшін осынау қиынқыстау сәттерде Ставканы алаңдататындай хабар түсті.**

*Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,*
*«Сыр бойы».*



Кеңес әскерінің неміс шептеріне жақын жерде жұқпалы холера (тырысқақ) ауруы белең алып, барлаушылардың дерегі бойынша ол ең алдымен гитлершілер армиясының алдыңғы шебіндегі солдаттар мен офицерлерді жусатып салған көрінеді.

Хабар сол сәтте Сталинге жетті. Не істеу керек? Жұқпалы ауру соғыс кезінде өте қауіпті. Ол тіпті қару, стратегиялық басымдыққа қарамастан жылдам тарайтыны соншалық, соғыс тағдырын әп-сәтте шешіп кетуі мүмкін. Сталинградта бейбіт халық пен қорғаныс әскерлерін қосқанда 800 мың адам бар. Олардың қатарында жау басып алған жерлерден қоныс аударғандардың санын ешкім анық айта алмайтын еді. Сталин КСРО денсаулық сақтау халық комиссары Георгий Метёровты шұғыл шақыртты. Халық комиссары маман ретінде жағдайдың күрделі екенін білгенімен, Сталинге бұл туралы ішкі сырын аша алмады. Себебі Кеңес Одағында сала бойынша кадр тапшылығы қатты сезілетін. Бірліжарымы репрессия кезінде қамалып, Батыстан Шығысқа қоныс аударған фармацевтикалық зауыттар қызметіне әлі толық кірісе қоймаған еді. Бұл кезде АҚШ-та жұқпалы ауруға қарсы дәрі-дәрмектер шығарылып жатты. Алайда соғыстың қысылтаяң сәтінде келісім бойынша оны сатып алуға Кеңес Одағының шамасы келмейтін. Сондықтан алдымен оны шығаруға рұқсат беретін патент сұралды. АҚШ соғыста одақтас мемлекет болғанымен, саясаттың ықпалымен сөзбұйдаға салып, оның патент ақысын 10 млн доллардан 30 млн долларға дейін көтеріп жіберді. Бұл сол уақыттың өлшемімен алғанда көп ақша болатын. Сталин мұндайда ымыраға келе бермейтін. Ішкі мүмкіндіктерді пайдалануды талап етіп, халық комиссарының ұсынысымен осы саланың маманы ретінде біршама тәжірибе жинақтаған дәрігер Зинаида Ермольеваны Сталинградқа жіберуге ұйғарым жасалды.

Дәрігер Сталинградқа келгенде әрбір квартал, көше үшін кескілескен ұрыстар жүріп жатқан болатын. З.Ермольева іске кірісіп кетеді. Қираған зәулім ғимараттың өжіресінде зертхана ұйымдастырылды. Әскери медицинаның орта буын мамандарын егу жұмысына үйретті. Алайда егу жұмыстарына қажетті антибиотиктер тапшы еді. Өзінің соңынан арнайы дәрі-дәрмектер тиелген ұшақ Сталинградқа жетпей жау оғынан өртеніп кетті. Ендігі жерде арнайы препараттарды жергілікті жерде қауырт жағдайда дайындауға тура келді. З.Ермольева адам санасы қабылдауға қиын соғатын шешім қабылдады. Ол өзін арнайы күзету жүктелген солдаттарға зертханаға өлген немістердің мәйіттерін жеткізуді бұйырды. Сонымен бірге шарты сол, олар оқтан қаза тапқандар емес, эпидемиядан өлгендер болуы керек.

Жүректі деген барлаушылар мұны өздерін қорлағандық деп түсінді. Жаудан тірідей «тіл» әкелгендер енді неміс шебіндегі зираттарды жіліктеп, кімнің неден өлгенін анықтау керек пе?!

Барлаушылар мұндай қорлыққа төзбейтінін тағы қайталап айтып, тапсырманы орындаудан бас тартады. Дәрігердің қиналғаны осы тұс еді. Оларға тапсырманың маңыздылығын айтып түсіндірген соң қозғалыс басталды. Шындығында мұндай әдеттен тыс шара жұқпалы аурудан өлгендердің денесіндегі микробтардың тегін анықтап, соған лайықты дәрі препараттарын дайындау үшін қажет болатын. Осылайша Сталинградтың қираған үйлерінің өжіресінде жұқпалы микробтарды жоюға арналған препараттар дайындалып, олармен бейбіт тұрғындар мен солдаттарды егу басталды. Ермольеваның өз құрамындағы орта буын медициналық қызметкерлер тәулігіне 50 мың адамға егу жұмыстарын жүргізді. Қаладағы барлық ауызсу көздері хлормен залалсыздандырылды. Айтпақшы, реті келгенде айта кетейік, Ермольева суды хлорлау әдісін залалсыздандырудың тиімді құралы ретінде Кеңес тарихында алғаш тәжірибеге енгізген дәрігер ретінде тарихта қалған еді.

Сталин берген тапсырманың орындалу барысына сырттай қанығып отырған болатын. Қанағат сезімін сырт көзге сездірмейтін ол алты ай өткенде дәрігерге телефон соғып: «Жұмыс қалай жүріп жатыр, қарындасым?» – деді елеусіздеу ғана. «Қарындасым» деп іш тарта сөйлеудің өзіндік себебі де жоқ емес еді. Ермольеваның әкесі Сталиннің әкесімен аттас, тегі бойынша екеуі де Виссарионович деп аталатын.

– Тапсырма орындалды. Сталинград үшін алаңдамауға болады, жолдас Сталин, – деп жауап қатты дәрігер.

Кейін Ермольева көсемнің қабылдауында болып, оған Сталин сыйлығы тапсырылды. Сыйлықты тапсырып тұрып Сталин: «Қандай өтініш-тілегіңіз бар?» – деді. Көп жағдайда, әсіресе, осындай жауапты сәтте көсем мұндай сауалды әдейі қойып, адамның психологиялық ирімдерге толы құпия сырларын анықтауға пейіл білдеретін. Табиғатынан алғыр, қаншама қиындықты болса да қайсарлықпен жеңіп келе жатқан дәрігер ойланбастан бұрынғы күйеуі, микробиология саласындағы ұстазы, абақтыда отырған Лев Зильберді босатуды сұрайды. Көп нәрседен хабары бар Сталин Ермольеваның Зильбердің оның репрессияға ұшыраған бірінші күйеуі екенін, ал оның басқа әйелмен тұрмыс құрып кеткенін есіне салады. Көсем үшін таңданыс туғызғаны – репрессияға ұшыраған екінші, яғни казіргі күйеуі Захаровты босатуды сұрамай, бұрынғы күйеуінің тағдырына алаңдағаны болатын. Сталин мұның себебін сұрағанда дәрігер: «Ол маған емес, ғылым үшін керек адам», – деп жауап береді. Сталин дәрігердің өтінішін қаншалықты қанағаттандырғаны беймәлім, бірақ оның мемлекетшіл тұлға екенін танып білген еді.

З.Ермольева Сталин атындағы сыйлықты қорғаныс қорына – әскери ұшақ жасау үшін аударды. Есімі әлемге танылған дәрігер жұқпалы ауруларға қарсы медициналық препараттың бірі – пенициллинді Кеңес Одағында тұңғыш қолданысқа енгізген дәрігер болатын. Бұл, шынтуайтына келгенде, үлкен ізденіс пен табандылықтың жемісі еді. Дондағы Ростовтың медицина университетін бітірген ол өмірлік тәжірибе арқылы ғылыми жетістікке жету үшін тынбай ізденді. Тіпті жұқпалы микробтарды сынақ үшін өзіне қабылдап оның сырын анықтады. Аталған жоғары оқу орнында есімдері әлемге белгілі ғалымдардан тәлім алып, 1922 жылы холера эпидемиясы белең алған аймақтарда болып зертханаларда тынымсыз еңбек етті. Міне, сол алғашқы нәтижелер суды хлорлау тәсілін қолдануға түрткі болды. 1925 жылы Мәскеудің биохимия институтының бөлімін басқарды. 1939 жылы Ауғанстанда жұқпалы індет ошағы пайда болып, оның Орта Азия республикаларына таралуын тоқтату мақсатында ғалымдар тобымен Ташкентте үлкен жұмыстар атқарды. Орта Азия халқы дәрігердің еңбегіне тәнті болып, «Пенициллин ханым» деп атады.

Әлемде пенициллинді бірінші ойлап тапқан британ ғалымы Александр Флеминг пен оның отандастары американдық Говард Флори және Эрнст Чейни делінеді. Саясаттың құйтырқы ойындары астасып жатқан XX ғасырда әлемде кеңес дәрігерінің еңбегі бағаланбай, жоғарыда аты аталған батыс ғалымдары 1945 жылы Нобель сыйлығына ие болған еді. Бірақ Зинаида Ермольеваны батыс ғалымдары ашық мойындады. Себебі Кеңес дәрігері пенициллиннен бөлек стрептомецин, тетрациклин, левомецитин, экмолин сияқты отандық антибиотиктерды да ойлап тапқан болатын.

Әлем тарихында соғыс кезінде жұқпалы аурулардан өлгендер саны әдетте майдан даласында оқдәріден қаза тапқандардың санынан асып түскен жағдайлар көп кездескен. XIX ғасырдағы орыс-түрік соғысында жұқпалы аурудан 40 мың солдат көз жұмған көрінеді. Тарихшылардың зерттеуінде, 1943 жылы кеңес ғалымының тұңғыш ойлап тапқан антибиотигі – «крустозиннің» өмірге келуімен кеңес әскері қатарында жұқпалы аурудан қаза болғандар саны күрт азайған. Осыған дейін дәрінің жетіспеуінен емдеуге келетін жауынгерлердің алынған жарақат салдарынан олардың қан құрамына микробтардың еніп кетуі, қаза болуы жиі орын алған еді. Әсіресе, жазылмайтын жарадан қайтыс болудың бір түрі ретінде гангренаны атайды. Дәрі-дәрмектің жетіспеуінен соғыстың алғашқы жылдарында қайта қатарға қосылуға болатын әрбір төртінші жаралы солдат қайтыс болған көрінеді.

Зинаида Виссарионовна Ермольева 1974 жылы 76 жасында дүниеден озды.

## Зияткерлік меншікті қорғау – міндет

Адамның бойына біткен шығармашылық потенциалы – ол қиялдың сарқылмайтын ресурсы. Ол материалдық және рухани құндылықтарды қалыптастырады. Тұлғаның шығармашылық қиялынан туған заттарды қолданбайтын адам жоқ. Алайда, шығармашылықтың пайда болуына тікелей қатысты өзіндік автор болады. Бұл зияткерлік жекеменшік ұғымын қалыптастырады. Бұл ұғым елімізге 90 жылдары келген еді. Сонымен зияткерлік меншік дегеніміз не? Менің түсінігімдегі зияткерлік меншік – адамның өзіне тиесілі материалдық емес игілігі. Тұлғалардың өнертабысы, шығаршылық жаңалықтары бірте-бірте дүниежүзінде ел экономикасының дамуының көрсеткішіне айналмақ.

Зияткерлік меншіктің басты сипаттамасы меншікті пайдаланудың жеке құқықтарын тек зияткерлік меншіктің иесі, яғни автор ғана шамалай алуында, сонымен қатар, оның рұқсатынсыз зияткерлік меншікті ешқандай бөгде адам пайдалана алмауында.

Зияткерлік меншік нысандары келесі түрлерге бөлінеді: әдебиет, өнер туындылары мен ғылыми еңбектер; фонограммалар жасау, орындаушылық және радиобағдарламасын жүргізу; адам іс-әрекетінің барлық салалары бойынша өнертабыстар; ғылыми жаңалықтар; өнеркәсіп үлгілері; тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және коммерциялық атаулар мен белгілеулер; жосықсыз бәсекелестіктің алдын кесу шаралары.

Заман ілгерілеген сайын, қоғамда түрлі жағдайлар орын алуда. Контрафактілік әрекеттер, біріншіден, ел экономикасының дамуына кедергі жасаса, екіншіден дүниежүзілік аренада ел атауына өз зиянын тигізуде. Қазіргі қоғамда жоғарыда айтылған мәселелердің барлығы белең алып отыр. Әсіресе тауар белгілері арқылы халықты алдап соғу өте кең таралған.

Мемлекет тарапынан Зияткерлік меншік құқығы саласын дамытуға жоғары деңгейде көңіл бөлінуі тиіс, өйткені дүниежүзілік қауымдастықтың талаптарына жауап беру, авторлық және сабақтас құқықтар мен өнеркәсіптік меншік саласындағы құқықтарды қорғау маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Ел аумағындағы тауар белгілерін қорғау және контрафактілік өнімдер саудасына қарсы әрекет ету – кезек күттірмейтін мәселелер. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, әрбіріміз өз ісімізге жауапкершілік танытсақ, бұл ұғымды халыққа насихаттасақ, бәріде жақсы болмақ деп ойлаймын.

**Л.ЖӘМИЕВА,**
**Қармақшы ауданаралық әділет басқармасының бас маманы, заңгерлер одағының мүшесі.**

## Хабарландыру

«Абзал және Компания» ТС күріш алқаптарын өңдеуге арналған «Номини» гербицидін ұсынады. Байланыс тел.: 8(7242) 25-01-01, 8-705-706-70-00. e-mail: abzalcompany@mail.ru

*(Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы департаментінен сериясы АА005 №0005713 лицензиясы берілген)*

**(6-3)**

## Хабарландыру

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы №209 бұйрығымен бекітілген «Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларына» сәйкес, субсидия алу үшін ай сайынғы өтінімдерді қабылдау туралы хабарлайды.

1. Субсидия алуға өтінімдер ағымдағы жылдың маусым айының 1-нен басталады.

2. Субсидия алуға өтінімдер ағымдағы жылдың 20 қарашасына дейін қабылданады.

Субсидия алуға өтінімді «электрондық үкімет» веб-порталына жіберу арқылы жүзеге асырылады.

.

### Субсидия алу шарты

Субсидиялар мынадай шарттарды сақтаған кезде төленеді:

1) Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері Ауыл шаруашылығы министрлігінің веб-порталына суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға ай сайын өтінім беруі (www.Qoldau.kz);

2) өтінімді субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеу;

3) деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің «Заңды тұлғалар» немесе «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған ауылшаруашылық субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде АШТӨ-нің жеке шотының болуы;

4) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдау мен өңдеу жөніндегі ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде суаратын су алу бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жұмсалған шығындардың расталуы (су берушінің тиісті электрондық шот-фактурасының болуы);

5) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде АШТӨ-ге жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында тиесілі жер учаскелерінің бүкіл егістік алаңына арналған танаптардың электрондық карталарының тіркелуі.

### Субсидияларды есептеу тәртібі

Сатып алынған суармалы судың 1 (бір) $м^3$ (текше метріне) субсидия көлемі күріш жүйелеріне арналған қосымша құн салығымен (бұдан әрі – ҚҚС) қоса бекітілген тарифтен 50%-ын құрайды;

Күріш жүйелері үшін ең төменгі (субсидияланбайтын) құнысыз;

Субсидияланатын суармалы судың көлемі 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 82-бабына сәйкес бассейндер мен облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) бөлігіндегі су пайдалану лимитінен аспауы тиіс.

## Хабарламалар

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС (20-05) «Батыс Тұзкөл кенішіндегі мұнай жинау жүйесі. №№ 8, 63, 65, 77,78, 88, 90, 91, 108, 109, 125, 208, 250, 270, 273, 331, 333, 371, 372, 373 ұңғымалардан 4" аралық құбырлар тарту. СП-10 және 12 спутниктерін орнату. СП-10 және 12 спутниктерінен мұнай коллекторын тарту» ұңғымадан шығарып тастау желілері» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 4 мекенжайында және meruert.srazhadinova@tmgoperating.kz электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-95-40.**

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС (20-07) «Батыс Тұзкөл кенішіндегі СП-6, 10, 12, 13 спутниктері мен М-01 манифольдын газбен қамту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 4 мекенжайында және meruert.srazhadinova@tmgoperating.kz электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-95-40.**

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау мнистрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС-і (20-08) «Батыс Тұзкөл кенішіндегі №№3, 10, 31, 52, 60, 88, 89, 90, 96, 102, 118, 156, 200, 206, 208, 234, 270, 331, 332, 333, 371, 372, 373 ұңғымаларға, СТП-10, СТП-13 су тарату пунктеріне, СП-10 спутнигіне баратын кірме автожолдар салу» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 4 мекенжайында және meruert.srazhadinova@tmgoperating.kz электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-95-40.**

## Бақұл бол, ардақты аға



Ұлағатты ұстазға тән үлгі көрсеткен, талай шәкірттердің жүрегінен орын алған ардагеріміз Жаданов Нұрмағанбет Жарылқасынұлы өмірден озды.

Нұрмағанбет Жарылқасынұлы 1942 жылы туған. 1963 жылы Ташкенттің ауыл шаруашылығын механикаландыру және суландыру институтын инженер-механик мамандығы бойынша бітірген. Оқу орнының жолдамасымен Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ аудандық механикаландырылған орман шаруашылығында бас инженер-механик болып еңбек жолын бастаған. 1964-1971 жылдары Қазалы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының инженері, аға инженері, бас инженері, Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхоздың бас инженері, Қазалы аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, 1971-2005 жылдары Қызылорда ауыл шаруашылығы техникумында оқытушы, зертхана меңгерушісі, циклдық әдістемелік комиссия төрағасы, әдістемелік кеңес төрағасы қызметтерін абыройлы атқарып, құрметті зейнет демалысына шыққан.

Ардақты ұстаз еңбектегі жетістіктері үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен, ҚР Президентінің Алғыс хатымен, облыстың Құрмет грамотасымен марапатталып, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» атанды.

Нұрмағанбет Жарылқасынұлының орта және арнаулы орта, кәсіптік білімге қосқан үлесі көп. Ұстаздық қызметінің соңғы жылдарында іс-құжаттардың қазақ тіліне көшірілуіне көп еңбек сіңірді. Қазақстанда тұңғыш рет «Еңбек қорғау» оқулығы қазақ тілінде ағайдың авторлығымен басылып шықты.

Қазіргі жоғары колледж қабырғасында ашылған музейдің алғашқы іргетасын қалаушы да Нұрмағанбет ағай еді. Архив құжаттарын, фотоларды, мәліметтерді Қазалының, Қызылорданың архивтерінен жинақтап, музейдің жасақталуына көп еңбек сіңірді.

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледж ұжымы Жаданов Нұрмағанбеттің отбасына, туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады. Нұрмағанбет Жарылқасынұлының жарқын бейнесі біздің жүрегімізде сақталады.

**И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледж ұжымы.**

## Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда облысы Сырдария ауданының жеке нотариусы Назарова Калдыгул Махашовна 2018 жылдың 12 қыркүйегінде қайтыс болған, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Керейтбаев көшесі №37/1 үйде тұрған азамат Уразалиев Мухамедтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

**Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Алиакбаров көшесі №5, жеке нотариалдық кеңсе.**

## Хабарландыру

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі №2 «Бөбек» санаториялық бөбекжай балабақшасы КММ мектепке дейінгі ұйымдарда тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім берілген әлеуетті өнім берушілер: «Қызылорда – ЭМС» ЖШС және «Ер – Қылыш» ЖШС. Аталған өтінімдері бар конверттерге ашу рәсімі жүргізілді.

Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға «Ер – Қылыш» ЖШС әлеуетті өнім беруші жіберілгенін хабарлайды.

Конкурстық құжаттамаларын қарау №2 «Бөбек» санаториялық бөбекжай балабақшасы КММ 2020 жылдың 20 наурыз күні сағат 9.00-де өткізіледі. Байланыс телефоны: 8(7242) 20-27-70.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
«СЫР МЕДИА»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
"АҚ" - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 28791 Тапсырыс №418 Кезекші редактор Айдана ЖҰМАДИНОВА.